

## **"Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2023 жылғы 30 қазандағы № 85 шешімі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 25 баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесі бекітілсін.
2. Қобда аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 тамыздағы № 38 "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қобда аудандық  
мәслихатының төрағасы*

*Ж. Ергалиев*

Қобда аудандық мәслихатының  
2023 жылғы 30 қазандағы  
№ 85 шешімімен бекітілген

## **"Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ) Қобда аудандық мәслихатының, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ ведомстволары жоқ.

3. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ төрағасының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылдық округі, Қобда ауылы, Астана көшесі, ғимарат 48, пошта индексі 031000.

10. Осы Ереже "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ кәсіпкерлік субъектілерімен "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

Қобда аудандық мәслихаты мен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыру, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға көмек көрсету.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

аудандық мәслихаттың жоспарланған сессияларының және тұрақты (уақытша) комиссияларының отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан ақпараттар сұрау;

депутаттық сауалдардың және ұсыныстардың мерзімінде қаралуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдарға және мекемелерге сұраулар жолдау;

2) міндеттері:

аудандық мәслихаттың және оның органдарының жалпы отырыстарын дайындауды және өткізуді жүзеге асыру;

аудандық мәслихаттың және оның тұрақты (уақытша) комиссияларының актілерінің орындалу мерзімдеріне және нәтижелеріне бақылауды жүзеге асыру;

аудандық мәслихатқа жолданған, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің қаралу мерзімдеріне және нәтижелеріне бақылауды жүзеге асыру.

#### 15. Функциялары:

аудандық мәслихаттың сессияларын және тұрақты комиссияларының отырыстарын өткізуге дайындық және ұйымдастырушылық-техникалық жұмыстарды қамтамасыз етуді аудандық мәслихаттың Регламентіне сәйкес жүзеге асырады;

мәслихат депутаттарына өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін түсініктемелік және әдістемелік көмек көрсетеді, олардың сауалдары мен ұсыныстарының, сын-пікірлерінің уақытылы қаралуын және орындалуын бақылайды;

аудандық мәслихаттың актілерін әзірлеуге қатысады, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда оларды әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге жолдайды;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайлар мен тәртіппен аудандық мәслихат шешімдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауын қамтамасыз етеді;

аудандық мәслихаттың шешімдері мен басқа да құжаттарының тиісті органдарға жолдануын қамтамасыз етеді;

аудандық мәслихаттың сессиялары мен оның басқа да органдарының отырыстарының стенограммаларын, хаттамаларын жүргізеді;

"Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын, Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ басқаруды бірінші басшы – аудандық мәслихаттың төрағасы (бұдан әрі – аудандық мәслихаттың төрағасы) жүзеге асырады, ол "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Аудандық мәслихаттың төрағасы мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сайлайды және қызметтен босатады.

18. Аудандық мәслихат төрағасының орынбасарлары болмайды.

19. Аудандық мәслихат төрағасының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ атынан өкілдік етеді;

2) "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктік шоттар ашады;

4) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

5) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды ұйымдастырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады, хаттаманың жасалуын қамтамасыз етеді, мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

6) мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді, мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

8) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;

9) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;

10) мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

11) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес өкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашылық еткен мәслихат депутаттарының жиналған қолдарының төлнұсқалығын тексеруді ұйымдастырады;

12) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

13) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;

14) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Аудандық мәслихаттың төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.